**"2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартты, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы, сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 467 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартты, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы, сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы**
**шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартты, 2014 жылғы**
**29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз**

**Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттама, сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт, 2015 жылғы 8 мамырда Мәскеу қаласында жасалған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттама, сондай-ақ 2015 жылғы 8 мамырда Мәскеу қаласында жасалған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

**2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы**

**ХАТТАМА**

Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Қырғыз Республикасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың 1-бабының екінші абзацын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ көрсетілген Шарттың 8-бабына сәйкес төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасасты:

## 1-бап

Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шартқа қосымшада көрсетілген жекелеген халықаралық шарттарға (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Армения Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы (2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған шартқа № 2 қосымша) Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізіледі, ол оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2-бап

Осы Хаттама 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Хаттама ратификациялауға жатады және осы Хаттамаға қосымшаның 3 және 4-тармақтарын қоспағанда, депозитарий:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың ;

осы Хаттаманың;

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың 1-бабының үшінші абзацында көрсетілген хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің және Қырғыз Республикасының орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны

дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.
Осы Хаттамаға қосымшаның 3-тармағы осы Хаттама күшіне енген күннен бастап 18 ай өткен соң күшіне енеді.
Осы Хаттамаға қосымшаның 4-тармағы осы Хаттама күшіне енген күннен бастап 24 ай өткен соң күшіне енеді.
2015 жылғы 8 мамырда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.
Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың және оның ажырамас бөлігі ретінде осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, осы Хаттамаға әрбір қатысушы мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Армения Республикасы үшін* | *Беларусь Республикасы үшін* | *Қазақстан Республикасы үшін* | *Ресей Федерациясы үшін* |
| | *Қырғыз Республикасы үшін* | | |

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы» хаттамаға
қосымша

## 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін халықаралық шарттарға енгізілетін өзгерістер

I. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа енгізілетін өзгерістер

1. Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттамаға (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 16 қосымша) № 2 қосымша мынадай мазмұндағы V бөліммен толықтырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| «V. Қырғыз Республикасы | | |
| | | «Қырғыз Республикасындағы бюджет құқығының негізгі қағидаттары туралы» 1998 жылғы 11 маусымдағы № 78 Қырғыз |

| | | |
|---|---|---|
| 1. Субсидияларға және мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларына қолжетімділіктің шарттары мен тәртібін Қырғыз Республикасының заңнамасы және билік органдары белгілейді және олар толық көлемде, бірақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың XXIVжәне XXV бөлімдерінің ережелеріне нұқсан келтірместен қолданылады | 23 және 26-тармақтар | Республикасының Заңы, «Субсидиялар және өтемақы шаралары туралы» 1998 жылғы 31 қазандағы № 140 Қырғыз Республикасының Заңы, Қырғыз Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдары, Қырғыз Республикасының, республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері |
| 2. Шетелдік адамдардың жеке меншігінде ауыл шаруашылығы өндірісіне арналған жер учаскелері бола алмайды | 23 және 26-тармақтар | Қырғыз Республикасының Жер кодексі |
| 3. Шетелдік адамдарға, жер қойнауын пайдалану үшін берілетін ауыл шаруашылығы алқаптары мен жерлерін қоспағанда, елді мекендерден тыс жер учаскелерін Қырғыз Республикасының Үкіметі мерзімді (уақытша) пайдалану құқығында беруі мүмкін | 23 және 26-тармақтар | Қырғыз Республикасының Жер кодексі |
| 4. Қырғыз Республикасының ерекше мәртебесі бар шекара маңы аумақтарында, қайрылмандарды қоспағанда, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың меншігіне жылжымайтын мүлік объектілерінің кез келген түрлерін меншік нысанына қарамастан, иеліктен шығаруға байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауға тыйым салынады | 23 және 26-тармақтар | Қырғыз Республикасының Жер кодексі, «Қырғыз Республикасының жекелеген шекара маңы аумақтарына ерекше мәртебе беру және оларды дамыту туралы» 2011 жылғы 26 шілдедегі № 145 Қырғыз Республикасының Заңы |
| 5. Қайрылмандарды қоспағанда, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға шекара маңы аумақтарында орналасқан жер учаскелері мерзімді ( уақытша) пайдалану құқығында беріле алмайды | 23 және 26-тармақтар | Қырғыз Республикасының Жер кодексі, « Қырғыз Республикасының жекелеген шекара маңы аумақтарына ерекше мәртебе беру және оларды дамыту туралы» 2011 жылғы 26 шілдедегі № 145 Қырғыз Республикасының Заңы |
| 6. Мерзімсіз жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі бола алмайды | 23 және 26-тармақтар | Қырғыз Республикасының Жер кодексі |
| 7. «Жер қойнауы туралы» 2012 жылғы 9 тамыздағы № 160 Қырғыз Республикасының Заңына сәйкес Қырғыз Республикасының Үкіметі және жер қойнауын пайдаланушы арасында жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдерге қатысты, егер жер қойнауын пайдалану құқығына арналған аукционның немесе конкурстың жеңімпазы не онымен тікелей келіссөздер жүргізу туралы шешім шығарылған тұлға болып шетелдік заңды тұлға танылса, ол Қырғыз Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына лицензияны ресімдеу үшін 100 пайыздық үлестік қатысумен еншілес компания ашуға міндетті | 26 және 31-тармақтар (30-тармақтың 5) және 6 ) тармақшалары на қатысты) | «Жер қойнауы туралы» 2012 жылғы 9 тамыздағы № 160 Қырғыз Республикасының Заңы, «Жер қойнауын пайдалану кезінде өнімді бөлу туралы келісімдер туралы» 2002 жылғы 10 сәуірдегі № 49 Қырғыз Республикасының Заңы |
| 8. Мемлекеттік орган өтінім берушіге Қырғыз Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану және (немесе) стратегиялық объектілерін пайдалану, сатып алу бойынша мәмілелерді жасауға | | |

| | | |
|---|---|---|
| рұқсат беруден бас тартуға құқылы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қырғыз Республикасының Үкіметі Қырғыз Республикасының стратегиялық ресурстарына (объектілеріне) меншік құқығының ауысуына және пайда болуына шектеулер белгілейді | 16, 26 және 31-тармақтар | «Қырғыз Республикасының стратегиялық объектілері туралы» 2008 жылғы 23 мамырдағы № 94 Қырғыз Республикасының Заңы |
| 9. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған Жер қойнауын пайдалану кезінде өнімді бөлу туралы келісімде (бұдан әрі – Келісім) инвестордың Қырғыз Республикасының заңды тұлғаларына мердігерлер, өнім берушілер, тасымалдаушылар ретінде немесе инвестормен шарттар (келісімшарттар) негізінде басқалары ретінде Келісім бойынша жұмыстарға қатысуға артықшылықты құқық беру бойынша; қызметкерлерді – Қырғыз Республикасының – азаматтарын тарту бойынша міндеттемелері көзделеді, олардың саны барлық тартылған қызметкерлердің кемінде 80 пайызын құрауға тиіс; Келісім бойынша жұмыстардың бастапқы кезеңінде ғана шетелдік жұмысшылар мен мамандарды немесе жұмысшылар мен мамандар болмаған кезде – Қырғыз Республикасының тиісті біліктілігі бар азаматтарын тарту;<br>пайдалы қазбалардың кен орындарын геологиялық зерделеу, әзірлеу және өндірілген минералды шикізатты Қырғыз Республикасының заңды тұлғалары және Қырғыз Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын және салық төлеушілер ретінде тіркелген шетелдік заңды тұлғалар орналастырған, осындай тапсырыстардың жалпы құнының кемінде 50 пайызы көлемінде қайта өңдеуге қажетті құрал-жабдықты, техникалық құралдар мен материалдарды әзірлеуге тапсырыстарды орналастыру бойынша міндеттемелері көзделеді | 31 (30-тармақтың 3) және 7) тармақшаларына қатысты), 33 және 35-тармақтар | «Жер қойнауын пайдалану кезінде өнімді бөлу туралы келісімдер туралы» 2002 жылғы 10 сәуірдегі № 49 Қырғыз Республикасының Заңы |
| 10. Акционерлік қоғамның мүлкін концессияға берген жағдайда акционерлік қоғамда шешуші дауыс және концессиялық шарттың объектілеріне билік ету құқығы Қырғыз Республикасының Үкіметінде сақталады.<br>Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес шешім қабылданған жағдайда, акцияларының кемінде үштен екісін мемлекет иеленген акционерлік қоғамдардың мүлкі концессиялық шарттың объектісі бола алады | 16, 26, 31- тармақтар (30-тармақтың 3, 5) және 6) тармақшаларына қатысты) | «Қырғыз Республикасындағы концессиялар және концессиялық кәсіпорындар туралы» 1992 жылғы 6 наурыздағы № 850-XII Қырғыз Республикасының Заңы |
| 11. Еуразиялық экономикалық одақтың басқа да мүше мемлекеттері тұлғаларының Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан тұрғын үй-жайларды меншікке алуға уәкілетті органның келісімін алу бойынша міндеті | 23 және 26-тармақтар | Қырғыз Республикасының Тұрғын үй кодексі |
| 12. Қырғыз Республикасының азаматтары ғана жекешелендіру кезінде тұрғын үй-жайлардың сатып алушылары бола алады. | 15-тармақ | Қырғыз Республикасының Тұрғын үй кодексі». |

2. Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 17 қосымша):
көрсетілген Хаттамаға № 1 қосымша мынадай мазмұндағы V бөліммен толықтырылсын:
«V. ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Мыналарға: халықаралық теңіз тасымалдарына халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруға мыналарды:<br>жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды осыдан туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық (импорттық) жүктерді және оларды тасымалдайтын көлік құралдарын халықаралық тасымалдауды тауарларды халықаралық көлікпен тасымалдауды шарттар мен сақтандыру сертификаттарының халықаралық жүйесі «Жасыл картаға» қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарын трансшекаралық өткізу кезіндегі жауапкершілікті толық немесе ішінара жабатын халықаралық сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру | шектеулер жоқ | | | |
| 2. Қайта сақтандыру және ретроцессия | шектеулер жоқ | | | |
| 3. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің көрсетілетін қызметтері | шектеу | Қырғыз Республикасының аумағында шетелдік сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты сақтандыру жөніндегі делдалдық қызметке<br>(осы тізбенің 1-тармағында санамаланған секторларды | «Қырғыз Республикасында сақтандыруды ұйымдастыру туралы» 1998 жылғы 23 шілдедегі № 96 | анықталмаған |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қоспағанда) жол берілмейді | Қ ы р ғ ы з Республикасының Заңы | |
| 4. Консультациялық және актуарийлік көрсетілетін қызметтерді, тәуекелді бағалау мен наразылықтарды реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, сақтандырудың қосалқы қызметтері | шектеулер жоқ»; | | | »; |

Көрсетілген Хаттамаға № 2 қосымша мынадай мазмұндағы V бөліммен толықтырылсын:

«V. ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 . № 1 7 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу | Қырғыз Республикасының аумағында қаржылық қызметтерді Қырғыз Республикасында лицензияланған және тіркелген және Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған қаржы ұйымдары ( қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілер) және ( немесе) олардың филиалдары ұсына алады. Шетелдік банк Қырғыз Республикасы Ұлттық банкінің рұқсатын алу, тіркеу және лицензия алу арқылы Қырғыз Республикасының аумағында филиал, өкілеттік құра алады | «Қырғыз Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1997 жылғы 29 шілдедегі № 60 Қырғыз Республикасының Заңы, « Қырғыз Республикасында сақтандыруды ұйымдастыру туралы" 1998 жылғы 23 шілдедегі № 96 Қырғыз Республикасының Заңы, « Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2009 жылғы 24 шілдедегі № 251 Қырғыз Республикасының Заңы Қырғыз Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2006 жылғы 2 наурыздағы № 5/7 қаулысымен бекітілген, Банктердің қызметін лицензиялау туралы ереже Қырғыз Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2005 жылғы 27 сәуірдегі № 12/8 қаулысымен бекітілген, бейрезидент банктің өз филиалының капиталын бөлу тәртібі | анықталмаған |
| 2 . № 1 7 қосымшаның 6 және 11- тармақтары бойынша шектеулер | депозиттерді қорғау жүйесінің қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйым Қырғыз Республикасының Үкіметі құрған Қырғыз Республикасының Депозиттерді сақтау жөніндегі агенттігі – заңды тұлғасы болып табылады. Агенттік пайда алу мақсатын көздемейтін тәуелсіз коммерциялық емес ұйым болып табылады | «Банк салымдарын (депозиттерін) қорғау туралы» 2008 жылғы 7 мамырдағы № 78 Қырғыз Республикасының Заңы | анықталмаған |
| 3 . № 1 7 қосымшаның 6- | орталық депозитарий мәртебесін алған ұйым Қырғыз Республикасының аумағында орталық депозитарий функциясын жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады. Орталық | Қырғыз Республикасы Үкіметінің « Қырғыз Республикасында бағалы | анықталмаған». |

| | | | |
|---|---|---|---|
| тармағы бойынша шектеу | депозитарий мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам нысанында құрылады | қағаздардың орталық депозитарийін құру туралы» 2008 жылғы 12 қыркүйектегі № 513 қаулысы | |

3. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 20 қосымша):

Аталған Хаттамаға № 1 қосымшада:

«Қырғыз Республикасы» деген алтыншы бағанмен толықтырылып, оған мынадай мәтін енгізілсін:

1-позицияда: «Мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау»;

2-позицияда: «Электр энергиясын беру және тарату»;

3-позицияда: «Ұлттық энергия жүйесін жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтер»;

4-позицияда: «Теміржол тасымалдары»;

Аталған Хаттамаға № 2 қосымшада:

«Қырғыз Республикасы» деген алтыншы бағанмен толықтырылып, оған мынадай мәтін енгізілсін:

1-позицияда: «Табиғи газды тасымалдау, тарату, сақтау және сату»;

2-позицияда: «Ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ету; ішкі әуе тасымалдарына жерүсті қызмет көрсету»;

3-позицияда: «Ортақ пайдаланылатын электр байланысы және пошта байланысы қызметтері»;

4-позицияда: «Жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және сату»;

5-позицияда: «Орталықтандырылған сумен жабдықтау және суды бұру»;

мынадай мазмұндағы 12-позициямен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12. | | | | | Электр энергиясын өндіру және сату |

».

4. Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 24 қосымша):

теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көрсетілетін қызметтерінің тізбесі «Армения Республикасы» деген бесінші және «Қырғыз Республикасы***» деген алтыншы бағандармен толықтырылып, оларға мынадай мәтін енгізілсін:

1-позицияда:

бесінші баған бойынша: «Инфрақұрылымды беру және пойыздардың қозғалысын ( жүріп өтуін) жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындау»;

алтыншы баған бойынша: «Инфрақұрылымды беру және пойыздардың қозғалысын (жүріп өтуін) жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындау»;

2-позицияда:
бесінші баған бойынша: «Инфрақұрылымды беру және маневрлік қозғалыстар үшін қажетті жұмыстарды орындау»;
алтыншы баған бойынша: «Инфрақұрылымды беру және маневрлік қозғалыстар үшін қажетті жұмыстарды орындау»;
мынадай мазмұндағы үшінші сілтемемен толықтырылсын:
«***Оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағындағы Қырғыз Республикасының тиесілі инфрақұрылым учаскелері үшін.».
5. Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 28 қосымша):
2-тармақтың екінші абзацындағы «және Қазақстан Республикасының (Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда)» деген сөздер «, Қазақстан Республикасының (Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда) және Қырғыз Республикасының (Бішкек және Ош қалаларын қоса алғанда)» деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген Хаттамаға қосымша:
мынадай мазмұндағы V бөліммен толықтырылсын:

| | |
|---|---|
| «V. Қырғыз Республикасы | |
| 1. «Еркін экономикалық аймақтар туралы» 2014 жылғы 11 қаңтардағы № 6 Қырғыз Республикасының Заңына, «Қырғыз Республикасының еркін экономикалық аймақтарында дайындалған тауарлар шығарылған елді анықтау тәртібі туралы» Қырғыз Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 қарашадағы № 715 қаулысына және 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері бойынша келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының қалған бөлігіне «Бішкек», «Нарын» және «Қаракөл» еркін экономикалық аймақтарының аумағынан әкету кезінде жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес қырғыздық деп танылған тауарларды кеден баждары мен салықтардан босату**. | 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін |
| 2. «Кедендік реттеу туралы» 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 184 Қырғыз Республикасының Заңына, 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының қалған бөлігіне еркін қоймалар аумағынан әкету кезінде жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес қырғыздық деп танылған тауарларды кеден баждары мен салықтардан босату**.<br>Осы алып қоюлар Қырғыз Республикасының еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізілген мынадай еркін қоймалар иелеріне қатысты қолданылады:<br>«Алтын-Ажыдаар» ЖШҚ; | 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін»; |

| | |
|---|---|
| «Илбирс» ААҚ;<br>«Авиньен» ЖШҚ;<br>«Жібек жолы» ЖШҚ;<br>«Ренесанс» ЖШҚ | |

мынадай мазмұндағы екінші сілтememен толықтырылсын:

«**Көрсетілген шараларға қатысты Қырғыз Республикасы өз заңнамасына жеткілікті қайта өңдеу критерийлері ретінде белгіленетін өзгерістер енгізген жағдайларда Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың ережелері қолданылмайды (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 28 қосымша), оларға сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік рәсіміне немесе тауарлардың еркін қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған шетелдік тауарларды пайдалана отырып, дайындалған (алынған) тауар мәртебесін:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 51 – 63-тауар топтарында сыныпталатын тоқыма материалдар мен тоқыма бұйымдарға, 64 ЕАЭО СЭҚ ТН тауар тобында сыныпталатын аяқ киім және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлерін;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 8415, 8418, 8421 және 8422-тауар позицияларында сыныпталатын жабдыққа және механикалық құрылғылар мен олардың бөліктеріне, 8508, 8509, 8510, 8512, 8513, 8516 және 8528 тауар позицияларында сыныпталатын электр машиналары мен жабдықтарға және олардың бөліктеріне, дыбыс жазу және дыбыс шығару аппаратурасы мен оның бөліктеріне, телевизиялық кескіндерді жазуға және қайта шығаруға арналған аппаратура және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлерін не оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 40%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де критерийлерін;

3) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 3901 – 3921-тауар позицияларында сыныпталатын тауарларға қатысты - 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлерін не оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 50%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де критерийлерін;

4) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 44-тауар тобында сыныпталатын сүрекке және одан жасалған бұйымдарға, 9401 және 9403-тауар позицияларында сыныпталатын сүректен жасалған жиһазға және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлерін айқындау жүргізіледі.».

6. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттаманың 2-тармағының екінші абзацында (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 29 қосымша) «және Қазақстан Республикасының (Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда)» деген сөздер «, Қазақстан Республикасының (Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда) және Қырғыз Республикасының (Бішкек және Ош қалаларын қоса алғанда) және» деген сөздермен ауыстырылсын.

II. Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін халықаралық шарттарға енгізілетін өзгерістер

7. 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Кеден одағының Кеден кодексінің 2-бабының 1-тармағы «Қазақстан Республикасы» деген сөздерден кейін «, Қырғыз Республикасы» деген сөздермен толықтырылсын.

8. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісімнің 4-бабының бесінші абзацындағы «қызметі.» деген сөз «қызметі,» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қырғыз Республикасынан – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі.».

9. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту негіздемелері, шарттары және тәртібі туралы келісімнің 4-бабы 1-тармағының екінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қырғыз Республикасында – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі;».

10. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпаратты ұсыну туралы және алмасу туралы келісімнің 1-бабының екінші абзацы «Кедендік бақылау комитеті,»

деген сөздерден кейін «Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі,» деген сөздермен толықтырылсын.

11. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған сомаларды аудару тәртібі туралы келісімде:

2-бапта:

бесінші абзац «, Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі» деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзац «мемлекеттік органдары,» деген сөздерден кейін «Қырғыз Республикасы атқарушы билігінің мемлекеттік органдары,» деген сөздермен толықтырылсын;

9-баптың төртінші абзацы «Беларусь Республикасында» деген сөздерден кейін «, Қырғыз Республикасында» деген сөздермен толықтырылсын;

Аталған Келісімге 2-қосымшада «*» белгісі бар сілтеме мынадай редакцияда жазылсын:

«* Егер Армения Республикасының кеден органы, Беларусь Республикасының кеден органы, Қазақстан Республикасының кеден органы немесе Қырғыз Республикасының кеден органы Сертификатты тіркеуші кеден органы болып табылған жағдайда, мұндай кеден органының коды мынадай ерекшеліктерді ескере отырып көрсетіледі:

Армения Республикасы үшін – 051000 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (05100000);

Беларусь Республикасы үшін – 112 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (11200000);

Қазақстан Республикасы үшін – 398 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (39800000);

Қырғыз Республикасы үшін – 417 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (41700000).».

12. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімі туралы келісімнің 2-бабы «Қазақстан Республикасынан – Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті,» деген сөздерден кейін «Қырғыз Республикасынан – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі,» деген сөздермен толықтырылсын.

13. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісімнің 2-бабы:

1-тармақтың төртінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қырғыз Республикасы үшін – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі;»;

2-тармақтың төртінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қырғыз Республикасы үшін – кедендер;».

14. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолдануынан босату туралы келісімнің 2-бабы 5) тармақтағы «күзет қызметі бастығының жеке багажы кедендік тексеріп қараудан босатылады.» деген сөздер «күзет қызметі бастығының;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6) егер аталған адамдар кедендік шекарадан қызметтік міндеттерін орындауға байланысты өтетін болса, Қырғыз Республикасы Президенті Аппараты Басшысының, Қырғыз Республикасы Жоғарғы соты Төрағасының, Қырғыз Республикасы Жоғарғы соты Конституциялық палатасы Төрағасының, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеші депутаттарының, Қырғыз Республикасы Қорғаныс кеңесі Хатшысының, Қырғыз Республикасы Бас прокурорының, Қырғыз Республикасы Ұлттық банкі Төрағасының, Қырғыз Республикасының Президенті және Үкіметі Іс басқарушысының, Қырғыз Республикасы Мемлекеттік Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Төрағаның орынбасарының – Қырғыз Республикасы Мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитеті 9-қызметі бастығының жеке багажы кедендік тексеріп қараудан босатылады.».

15. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін ( арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімде:

10-баптың 2-тармағының бесінші абзацындағы «және Армения Республикасында 2016 жылғы 1 желтоқсанға дейін» деген сөздер «, Армения Республикасында 2016 жылғы 1 желтоқсанға дейін және Қырғыз Республикасында 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

23-бапта:

1-тармақ «Қазақстан Республикасында» деген сөздерден кейін «, Қырғыз Республикасында» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «қазақстандық тауарлардың» деген сөздерден кейін «, Қырғыз Республикасында отандық тауарлардың» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацы «кеден одағына мүше мемлекеттердің» деген сөздердің алдынан «, осы тармақтың екінші абзацының ережелерін ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Қырғыз Республикасында жеткілікті қайта өңдеу критерийлері ретінде мыналар:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 51 – 63-тауар топтарында сыныпталатын тоқыма материалдар

мен тоқыма бұйымдарға, ЕАЭО СЭҚ ТН- нің 64-тауар тобында сыныпталатын аяқ киімге және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 8415, 8418, 8421 және 8422-тауар позицияларында сыныпталатын жабдыққа және механикалық құрылғылар мен олардың бөліктеріне, ЕАЭО СЭҚ ТН- нің 8508, 8509, 8510, 8512, 8513, 8516 және 8528 - тауар позицияларында сыныпталатын электр машиналары мен жабдықтарға және олардың бөліктеріне, дыбыс жазу және дыбыс шығару аппаратурасы мен оның бөліктеріне, телевизиялық кескіндерді жазуға және қайта шығаруға арналған аппаратура және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері немесе оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 40%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де критерийлері;

3) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 3901 – 3921-тауар позицияларында сыныпталатын тауарларға қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері немесе оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 50%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де критерийлері;

4) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 44-тобында сыныпталатын сүрекке және одан жасалған бұйымдарға, ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 9401 және 9403-тауар позицияларында сыныпталатын сүректен жасалған жиһазға және оның бөліктеріне қатысты - 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері пайдаланылады.».

екінші абзац «Қазақстан Республикасы үшін СТ-KZ нысанды тауардың шығарылған жері туралы сертификатпен,» деген сөздерден кейін «Қырғыз Республикасы үшін СТ-1 нысанды тауардың шығарылуы арылуы туралы сертификатпен» деген сөздермен толықтырылсын.

16. 2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімде:

6-баптың 2-тармағы «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі,» деген сөздерден кейін «Қырғыз тарапынан – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі,» деген сөздермен толықтырылсын;

Аталған Келісімге 2-қосымшаның II бөлімінің 4.3-тармағында «Қазақстан Республикасының» деген сөздерден кейін «, Қырғыз Республикасының» деген сөздермен толықтырылсын.

17. 2010 жылғы 18 маусымдағы Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операциялардың ерекшеліктері туралы келісімнің 3-бабында:

төртінші абзац «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» деген сөздерден кейін «, Қырғыз тарабынан – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі» деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» деген сөздерден кейін «, Қырғыз тарабынан – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі» деген сөздермен толықтырылсын.

18. 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімде:

8-баптың 2-тармағының бесінші абзацы «2016 жылғы 1 желтоқсанға дейін» деген сөздерден кейін «сондай-ақ олардың иелері Қырғыз Республикасында « Алтын-Ажыдаар» ЖШҚ, «Кока-Кола Бішкек ботлерс» ЖАҚ, «Илбирс» ААҚ, «Авиньен » ЖШҚ, «Жібек жолы» ЖШҚ және «Ренесанс» ЖШҚ болып табылатын еркін қоймада » деген сөздермен толықтырылсын;

19-бапта:

1-тармақ «Қазақстан Республикасында» деген сөздерден кейін «, Қырғыз Республикасында» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «қазақстандық тауарлардың» деген сөздерден кейін «, Қырғыз Республикасында отандық тауарлардың» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацы «кеден одағына мүше мемлекеттердің» деген сөздердің алдынан «, осы тармақтың екінші абзацының ережелерін ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Қырғыз Республикасында жеткілікті қайта өңдеу критерийлері ретінде мыналар:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 51 – 63-тауар топтарында сыныпталатын тоқыма материалдар мен тоқыма бұйымдарға, ЕАЭО СЭҚ ТН- нің 64-тауар тобында сыныпталатын аяқ киімге және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 8415, 8418, 8421 және 8422-тауар позицияларында сыныпталатын жабдыққа және механикалық құрылғылар мен олардың бөліктеріне, ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 8508, 8509, 8510, 8512, 8513, 8516 және 8528 - тауар позицияларында сыныпталатын электр машиналары мен жабдықтарға және олардың

бөліктеріне, дыбыс жазу және дыбыс шығару аппаратурасы мен оның бөліктеріне, телевизиялық кескіндерді жазуға және қайта шығаруға арналған аппаратураға және оның бөліктеріне қатысты – 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері немесе оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 40%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де критерийлері;

3) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 3901 – 3921-тауар позицияларында сыныпталатын тауарларға қатысты - 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері немесе оларды орындау нәтижесінде қосылған құнының пайыздық үлесі кемінде 50%-ды құрай алмайтын, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жеткілікті қайта өңдеудің өзге де критерийлері;

4) ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 44- тобында сыныпталатын сүрекке және одан жасалған бұйымдарға, ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 9401 және 9403-тауар позицияларында сыныпталатын сүректен жасалған жиһазға және оның бөліктеріне қатысты - 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісіммен белгіленген тауарлардың шығарылған елін анықтау критерийлері пайдаланылады»:

Екінші абзац «Қазақстан Республикасы үшін СТ-KZ нысанды тауардың шығу тегі туралы сертификатпен,» деген сөздерден кейін «Қырғыз Республикасы үшін СТ-1 нысанды тауардың шығарылуы туралы сертификатпен,» деген сөздермен толықтырылсын.

19. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағына мүше – мемлекеттердегі кеден органдарының қылмыстық істер мен әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша құқықтық көмек пен өзара әрекеттесу туралы Келісімнің 1-бабы 2-тармағындағы бірінші абзац «Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті» деген сөздерден кейін «Қырғыз Республикасынан – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі» деген сөздермен толықтырылсын.

20. 2011 жылғы 19 қазандағы Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының талдау және бақылау функцияларын іске асыру үшін ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісімнің 1-бабы бесінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қырғыз Республикасы үшін – Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі;».

Осы арқылы осы мәтіннің 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29

мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттама 2015 жылғы 8 мамырда Мәскеу қаласында:

Армения Республикасы үшін - Армения Республикасы Президенті С.А. Саргсян;

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасы Президенті А.Г. Лукашенко;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев;

Қырғыз Республикасы үшін - Қырғыз Республикасы Президенті А.Ш. Атамбаев

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерациясы Президенті В.В. Путин;

қол қойған шарттың толық және теңтүпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын растаймын.

Төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы Құқық департаментінің директоры В.И. Тараскин*

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы 2015 жылғы 8 мамырда Мәскеу қаласында жасалған хаттаманың қазақ тіліндегі нұсқасы орыс тіліндегі нұсқасымен теңтүпнұсқалы екенін растаймын.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Халықаралық экономикалық интеграция департаментінің директоры Е.Б. Бакенов*

## Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бір тараптан және Қырғыз Республикасы екінші тараптан,

Тараптарды және олардың халқын байланыстыратын достық қатынастарды және олардың гүлденуін қамтамасыз етуге ұмтылатынын,

әлеуметтік прогресс мен халықтардың әл-ауқатын жақсарту мақсатында барынша тығыз интеграцияның дамуына жаңа серпін беруге, Тараптар экономикасының жақындасуына батылдыққа толы талпынысын,

еуразиялық интеграциялық процесті дамытудағы өз мүдделерін растай отырып,

Қырғыз Республикасының еуразиялық интеграциялық процеске қатысуы туралы Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасы басшыларының 2014 жылғы 29 мамырдағы және 2014 жылғы 10 қазандағы өтініштерін басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа өзгерістер енгізуді көздейтін Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шартқа 2014 жылғы 10 қазанда қол қоюды назарға ала отырып,

халықаралық шарттар, солардың негізінде Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру жүзеге асырылғанын ескере отырып, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың негізі бола отырып, көрсетілген халықаралық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындауға Қырғыз Республикасының әзірлігін белгілей отырып, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке Қырғыз Республикасының қосылуы бойынша қажетті іс-шараларды Қырғыз Республикасының орындауы жөніндегі жұмыстың барысын ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Шартпен Қырғыз Республикасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін басқа да халықаралық шарттарға қосылады, осы Шартқа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және осы Шарт күшіне енген күннен бастап және осы баптың екінші мен үшінші абзацтарында көрсетілген хаттамаларға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болады.

Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және осы Шартқа қосымшада көрсетілген (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамамен енгізілген өзгерістерді және Армения Республикасының қосылуына байланысты (2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шартқа № 2 қосымша) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған халықаралық шарттарды ескере отырып) жекелеген халықаралық шарттарға қосылуына байланысты осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамаға сәйкес өзгерістер енгізіледі.

Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық

одақ туралы шарттың жекелеген нормаларын және осы Шартқа қосымшада көрсетілген басқа да халықаралық шарттарды қолдануы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жекелеген хаттамамен айқындалатын шарттар мен өтпелі ережелерге сәйкес және осы хаттамада көзделген тізбе бойынша тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін қолдану бойынша уағдаластықты ескере отырып жүзеге асырылады.

## 2-бап

Егер осы Шарт күшіне енгенге дейін осы Шартқа қосымшада көрсетілмеген, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін Еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс істеуіне және дамуына байланысты мәселелер бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше – мемлекеттер арасында жасалған халықаралық шартқа қол қойылған немесе күшіне енген жағдайда, Қырғыз Республикасы жекелеген хаттамаға сәйкес оның күшіне енген күнге, бірақ осы Шарт күшіне енген күннен кейін, осындай халықаралық шартқа қосылу бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

## 3-бап

Осы Шарт күшіне енген күннен бастап Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасын қолданады.

Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін қолдануы Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің осы Шарттың 1-бабының үшінші абзацында көрсетілген, хаттамада айқындалған ережелерді ескере отырып, мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесі арқылы тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдарының кедендік бақылануын жою туралы шешім қабылданған күнінен бастап жүзеге асырылады.

## 4-бап

Осы Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілері, сондай-ақ осы Шарт күшіне енген күні қолданыста болған Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының Жоғарғы органының) шешімдері, Еуразиялық экономикалық комиссияның (Кеден одағы Комиссиясының) шешімдері осы Шарттың 1-бабының үшінші абзацында көрсетілген хаттамада айқындалған ережелерді және осы Шарттың 3-бабының екінші абзацын ескере отырып Қырғыз Республикасының аумағында қолданылуға жатады.

## 5-бап

Қырғыз Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігіне байланысты мәселелерді реттеу бойынша ережелер осы Шарттың 1-бабының үшінші абзацында көрсетілген хаттамада айқындалады.

Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші елдерге қатысты бірыңғай сауда режимін сақтау мақсатында Қырғыз Республикасы үшінші елдермен саудада үшінші елдермен жасасқан халықаралық шарттарға сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа барлық мүше мемлекеттер қолданатын режимге сәйкес келетін режимді қолданады.

## 6-бап

Мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесі арқылы тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылауды жою туралы шешімді Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қабылдайды.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес осы баптың бірінші абзацында көрсетілген шешімді қабылдау мәселесін 2015 жылғы 8 мамырдан кешіктірмей, мынадай іс-шаралар орындалғаннан кейін кедендік бақылау жүйесін бағалауды ескере отырып қарастыратын болады:

Қырғыз Республикасының «Манас», «Ош» әуе өткізу пункттерін және Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы « Иркештам», «Торығарт» автомобиль өткізу пункттерін салмақ өлшеу құрал-жабдығымен, рентгендік тексеріп қарау құрылғыларымен, тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдарын бейнетіркеу жүйесімен, радиациялық бақылаудың, есірткі және жарылғыш заттарды анықтаудың стационарлық және (немесе) тасымалданатын аппаратурасымен, жедел режимде ақпараттық жүйелердің жұмысын қамтамасыз ететін техникалық құралдармен және байланыс арналарымен, сондай-ақ өткізу пункттерінің үздіксіз жұмысы үшін қажетті инженерлік құрал-жабдықпен жарақтандыру;

жанама салықтарды төлеудің толықтығын қамтамасыз ету үшін қажетті Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары арасында ақпарат алмасуды ұйымдастыру;

мынадай процестер бөлігінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерімен электронды түрде мәліметтер алмасуды ұйымдастыру:

кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарлардың тасымалдануын бақылау;

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау;

жеке тұлғалардың көлік құралдарын және халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын уақытша әкелуді бақылау;

2011 жылғы 19 қазандағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының талдамалық және бақылау қызметін іске асыру үшін ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісім шеңберінде ақпарат алмасу.

## 7-бап

Мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесінде санитариялық-карантиндік, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық бақылауды (қадағалауды) жою туралы шешімді Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қабылдайды.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес осы баптың бірінші абзацында көрсетілген шешімді қабылдау мәселесін 2015 жылғы 8 мамырдан кешіктірмей, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық бақылау жүйесін бағалауды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерінің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Қырғыз Республикасындағы санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) жүйесімен танысуын ескере отырып қарастырады.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану саласында Қырғыз Республикасының аумағындағы мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесінде санитариялық-карантиндік, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық бақылауды ( қадағалауды) жою туралы шешім қабылдағанға дейін Еуразиялық экономикалық одақтың (Кеден одағының) талаптары мен рәсімдері және Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар қолданылатын болады.

## 8-бап

1. Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін қолдана бастаған күннен бастап үш жылдық кезеңге Кедендік әкелу баждарының (өзге де баждар, балама әрекеті бар салықтар мен алымдар) сомаларын есепке алу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттамаға (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) мыналарды ескере отырып, өзгерістер енгізіледі:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылады:

«12. Әрбір мүше мемлекет үшін кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтері мынадай мөлшерде белгіленеді:

Армения Республикасы – 1,11 пайыз;
Беларусь Республикасы – 4,56 пайыз;
Қазақстан Республикасы – 7,11 пайыз;
Қырғыз Республикасы – 1,9 пайыз;
Ресей Федерациясы – 85,32 пайыз.»;

40-тармақ «Астана қ. уақыты» деген сөздерден кейін «Қырғыз Республикасы үшін – Бішкек қ. уақыты» деген сөздермен;

53-тармақ «есеп комитеті,» деген сөздерден кейін: «Қырғыз Республикасының Есеп палатасы,» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қырғыз Республикасы Кедендік әкелу баждарының (өзге де баждар, балама әрекеті бар салықтар мен алымдар) сомаларын есепке алу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманы (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) және Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу және бөлу туралы ережені (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымшаға қосымша) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін Қырғыз Республикасы қолдана бастаған айдан кейінгі екінші айдың 1-ші күнінен бастап қолданады.

## 9-бап

Осы Шартқа ескертпелерге жол берілмейді.

## 10-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 112-бабына сәйкес шешіледі.

## 11-бап

Осы Шарт Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіреді.

Осы Шарт ратификациялауға жатады және Шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап, бірақ осы Шарттың 1-бабының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген хаттамалардың соңғысы күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Шарттың түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады,

ол осы Шарттың депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасы үшін* *Қазақстан Республикасы үшін* *Ресей Федерациясы үшін*

*Қырғыз Республикасы үшін*

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартқа
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін Қырғыз Республикасы қосылатын халықаралық шарттардың ТІЗБЕСІ**

1. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай ережесі туралы келісім.
2. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісім (2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2012 жылғы 23 сәуірдегі Хаттама редакциясында).
3. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағының тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесі туралы хаттама.
4. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тауарлардың дамушы және аз дамыған елдерден шығарылғанын айқындау ережесі туралы келісім.
5. 2009 жылғы 27 карашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт (Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2010 жылғы 16 сәуірдегі Хаттама редакциясында).
6. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісім.
7. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімі туралы келісім.
8. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес

тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған сомаларды аудару тәртібі туралы келісім (2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған сомаларды аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 жылғы 19 желтоқсандағы Хаттама редакциясында).

9. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпаратты ұсыну туралы және алмасу туралы келісім.

10. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісім.

11. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту негіздемелері, шарттары және тәртібі туралы келісім.

12. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағының кедендік аумағы арқылы темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктері туралы келісім.

13. 2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісім (2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 жылғы 19 қазандағы Хаттама редакциясында).

14. 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісім.

15. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолдануынан босату туралы келісім.

16. 2010 жылғы 18 маусымдағы Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын, сондай-ақ жүктердің және (немесе) багажды тасымалдауды жүзеге асыратын тіркемелерді, жартылай тіркемелерді, контейнерлер мен темір жол жылжымалы құрамын Кеден одағының кедендік аумағы арқылы ішкі тасымалдау үшін пайдалану ерекшеліктері туралы келісім.

17. 2010 жылғы 18 маусымдағы Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операциялардың ерекшеліктері туралы келісім.

18. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (

арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісім.

19. 2010 жылғы 5 шілдедегі Жеке тұлғалардың Кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шарт.

20. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағының және Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері туралы шарт.

21. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмегі және өзара іс-қимылы туралы келісім.

22. 2010 жылғы 19 қарашадағы Үшінші мемлекеттерден келген заңсыз еңбек көші-қонына қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім.

23. 2011 жылғы 19 мамырдағы Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарт.

24. 2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шарт.

25. 2011 жылғы 22 маусымдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтері өкілдіктерінің қызметі мәселелері бойынша кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім.

26. 2011 жылғы 19 қазандағы Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының талдау және бақылау функцияларын іске асыру үшін ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісім.

27. 2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шарт.

28. 2012 жылғы 17 желтоқсандағы Кеден одағына мүше мемлекеттер болып табылмайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою туралы Кеден одағына мүше мемлекеттердің келісімі.

29. 2013 жылғы 24 қазандағы Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізу тәртібі туралы келісім.

30. 2014 жылғы 15 тамыздағы Көлік құралы паспортының (көлік құралы шанағының паспортының) және өзі жүретін машина мен техниканың басқа түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісім.

31. 2014 жылғы 12 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссияның

бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау тәртібі және оны жария еткені үшін жауаптылық туралы келісім.

32. 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттардың бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім.

33. 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техникалар) бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім.

34. 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Қаржы нарықтарында тауарлардың еркін қозғаласын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісім.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

*2011 жылғы 19 мамырдағы Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарт 2012 жылғы 22 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады. Көрсетілген Шартқа Қырғыз Республикасының қатысуы Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуы туралы шарттың 1-бабының 3-абзацында көрсетілген хаттамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қырғыз Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы туралы хаттамада тіркелген Қырғыз Республикасы міндеттемелерінің Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекеттеріне және жалпы Еуразиялық экономикалық одаққа қолданылуына әкеп соқпайды.

Осы арқылы осы мәтіннің 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт 2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында:

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасы Президенті А.Г. Лукашенко;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев;

Қырғыз Республикасы үшін - Қырғыз Республикасы Президенті А.Ш. Атамбаев

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерациясы Президенті В.В. Путин;

қол қойған шарттың толық және теңтүпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын растаймын.

Төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы Құқық департаментінің директоры В.И. Тараскин*

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2015 жылғы 8 мамырда Мәскеу қаласында жасалған шарттың қазақ тіліндегі нұсқасы орыс тіліндегі нұсқасымен теңтүпнұсқалы екенін растаймын.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Халықаралық экономикалық интеграция департаментінің директоры Е.Б. Бакенов*

**2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы**
**ХАТТАМА**

Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Қырғыз Республикасы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың 1-бабының үшінші абзацын басшылыққа ала отырып,

төмендегі туралы осы Хаттаманы жасасты:

## 1-бап

Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың нормаларын, 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартқа қосымшада көрсетілген Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы осы Хаттамаға № 1 қосымшаға сәйкес жағдайлар мен өтпелі ережелер және осы Хаттамаға № 2 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін қолдану жөніндегі уағдаластықтар ескеріле отырып жүзеге асырылады. Осы Хаттамаға қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2-бап

Осы Хаттама 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы

туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Хаттама ратификациялауға жатады және депозитарий:

2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың;

Осы Хаттаманың;

2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың 1-бабының екінші абзацында көрсетілген Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің және Қырғыз Республикасының орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 2015 жылғы «8» мамырда орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың және оның ажырамас бөлігі ретінде осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, осы Хаттамаға әрбір қатысушы мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Армения Республикасы үшін* | *Беларусь Республикасы үшін* | *Қазақстан Республикасы үшін* | *Ресей Федерациясы үшін* |
| | *Қырғыз Республикасы үшін* | | |

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттамаға
№ 1 ҚОСЫМША

**2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық**

**одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер I. Қырғыз Республикасынан Еуразиялық экономикалық комиссия**
**Алқасының мүшелерін тағайындауға байланысты мәселелер**

1. Қырғыз Республикасынан Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының мүшелерін алғаш тағайындаған кезде олар өздерінің функцияларын 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енгенге дейін Беларусь Республикасынан, Қазақстан Республикасынан және Ресей Федерациясынан Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының мүшелері тағайындалған өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейін, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 99-бабы 3-тармағының төртінші абзацында айқындалғандай орындайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген кезеңге Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасында Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының бір дауысқа ие үш мүшесі Қырғыз Республикасын өздеріне жүргізу салаларын бекітпей ұсынды.

## II. Кедендік құқықтық қатынастар мәселелері Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын адамдарға және өзге де адамдарға қатысты бөлігінде

2. Кедендік брокерлер, уақытша сақтау қоймаларының иелері, кеден қоймаларының иелері, 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы Шарттың (бұдан әрі – Шарт) күшіне ену күні Қырғыз Республикасында құрылған (тіркелген) бажсыз сауда дүкендерінің иелері ретінде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер Шарт күшіне енген күннен бастап тиісінше кеден өкілдері, уақытша сақтау қоймаларының иелері, кеден қоймаларының иелері, бажсыз сауда дүкендерінің иелері болып танылады және Шарт күшіне енген күнде Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, - Шарт күшіне енген күннен бастап 18 айдың ішінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Шарт күшіне енген күннен бастап 18 айдың ішінде Қырғыз Республикасының заңды тұлғалары кеден өкілдерінің тізіліміне енгізіледі және аталмыш кезеңнің ішінде 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Кеден одағының Кеден кодексінде (бұдан әрі – Кеден одағының Кеден кодексі), кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де

халықаралық шарттарда және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын басқа да актілерде белгіленген жағдайларда, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен кем емес сомаға кеден баждарының, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді ұсынған кезде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқылы.

## Кедендік операцияларды жасау ерекшеліктеріне қатысты бөлігінде

3. Шарт күшіне енген күнге дейін уақытша сақтаудың кеден рәсіміне орналастырылған, Қырғыз Республикасында кедендік бақылауда болған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап уақытша сақтауға орналастырылған болып есептеледі.

Егер осы тармақтың үшінші абзацында өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тауарларға қатысты Кеден одағының Кеден кодексінің 25-тарауының, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және осы қосымшаның 4-тармағын ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қолданылады.

Осы қосымшаның 8-тармағының екінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылған тауарларға қатысты оларды кедендік декларациялауға байланысты кедендік операцияларды жасау талап етілмейді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында болған және Шарт күшіне енген күні уақытша сақтауға орналастырылған, осы қосымшаның 8-тармағының бесінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылған тауарларға қатысты оларды кедендік декларациялауға байланысты кедендік операцияларды жасау талап етілмейді.

4. Осы қосымшаның 3-тармағының бірінші абзацында көрсетілген тауарларды уақытша сақтау мерзімі осындай тауарларды уақытша сақтаудың кедендік рәсіміне орналастырған күннен бастап есептеледі.

5. Шарт күшіне енген күні оларға қатысты кедендік декларацияны Қырғыз Республикасының кеден органы қабылдаған тауарлар кеден органының осы кедендік декларацияны қабылдаған күні Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда мәлімденген кедендік режимде орналастырылуға жатады.

## Кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдаудың ерекшеліктеріне қатысты бөлігінде

6. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының кеден органы транзиттік декларацияны немесе транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарын және (немесе) кедендік құжаттарды қабылдаған тауарларға қатысты транзиттің кедендік режиміне немесе ішкі кедендік транзиттің

рәсіміне осы тармақтың екінші абзацын ескере отырып, Қырғыз Республикасының кеден органы транзиттік декларацияны немесе транзиттік декларация ретіндегі коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарын және (немесе) кедендік құжаттарды қабылдаған күні Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда Қырғыз Республикасының аумағында тиісінше жол беріледі, олар қолданылады және аяқталады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген, осы қосымшаның 8-тармағының төртінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылған тауарларға қатысты транзиттің кедендік режимі немесе ішкі кедендік транзиттің рәсімі аяқталған кезде оларды уақытша сақтауға орналастыруға немесе кедендік декларациялауға байланысты кедендік операцияларды жасау талап етілмейді.

7. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының кеден органы оларға қатысты транзиттің кедендік режимін немесе ішкі кедендік транзиттің рәсімін қолданған тауарларды кедендік бақылаумен Қырғыз Республикасының аумағы арқылы тасымалдау осы тармақтың екінші абзацын ескере отырып, транзиттің кедендік режимін немесе ішкі кедендік транзиттің рәсімін қолданған күні Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады және аяқталады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген, осы қосымшаның 8-тармағының төртінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылған тауарларға қатысты транзиттің кедендік режимі немесе ішкі кедендік транзиттің рәсімі аяқталған кезде оларды уақытша сақтауға орналастыруға немесе кедендік декларациялауға байланысты кедендік операцияларды жасау талап етілмейді.

## Тауарлардың мәртебесі және кедендік рәсімдер бөлігінде

8. Қырғыз Республикасының аумағында болған және Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік мақсаттар үшін отандық тауарлардың мәртебесі бар тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының аумағында болған, оның ішінде уақытша сақтаудың кедендік рәсіміне немесе кедендік режимдерге орналастырылған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан әкетілген, Еуразиялық экономикалық одаққа осындай мүше мемлекеттің аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болған шетелдік тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап, егер осы тармақтың үшінші және төртінші абзацтарында өзгеше көзделмесе, Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының аумағында болған, Еуразиялық

экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан әкетілген, Еуразиялық экономикалық одаққа осындай мүше мемлекеттің аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін осы қосымшаның 5-тармағында көрсетілген Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болған шетелдік тауарлар мәлімделген кеден режиміне орналастырылған күннен бастап осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының аумағында болған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан әкетілген, Еуразиялық экономикалық одаққа осындай мүше мемлекеттің аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін осы қосымшаның 6 немесе 7-тармақтарында көрсетілген Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болған шетелдік тауарлар транзиттің кедендік режимі немесе ішкі кедендік транзиттің рәсімі аяқталған күннен бастап осы қосымшаның 6 немесе 7-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында болған, оның ішінде уақытша сақтауға немесе кедендік рәсімдерге орналастырылған, Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген, Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін отандық тауарлар мәртебесіне ие болған шетелдік тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап, егер осы тармақтың алтыншы абзацында өзгеше көзделмесе, Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында болған, оның ішінде кедендік рәсімдерге орналастырылған, Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген, Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін отандық тауарлар мәртебесіне ие болған, оларға қатысты Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органы кедендік декларация қабылдаған шетелдік тауарлар, тауарлар шығарылған күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Қырғыз Республикасында тауарларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету бойынша шектеулермен ұштасқан кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер беріле отырып, еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кедендік режиміне орналастырылған, Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес шартты түрде шығарылған тауарлар болып табылатын тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап Кеден одағының кеден кодексінің 200-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шартты түрде шығарылған тауарлар болып танылады. Бұл ретте Кеден одағының кеден кодексінің 211-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген, аяқталғаннан кейін кедендік әкелу баждарын , салықтарды төлеу бойынша міндет тоқтатылатын және Кеден одағының кеден

кодексінің 200-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шартты түрде шығарылған тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылатын мерзімдер Шарт күшіне енген күннен бастап есептеледі.

9. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында еркін айналым, кері импорт, жою немесе мемлекет пайдасына бас тарту үшін тауарларды шығарудың кедендік режимдеріне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап тиісінше ішкі тұтыну, кері импорт, жою немесе мемлекет пайдасына бас тарту үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастырылған болып есептеледі. Мұндай тауарларға қатысты Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

10. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында экспорттың немесе кері экспорттың кедендік режимдеріне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап тиісінше экспорттың немесе кері экспорттың кедендік рәсімдеріне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға қатысты Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

11. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында кеден аумағындағы қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға қатысты, сондай-ақ осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде алынған және Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында кедендік режимге орналастырылмаған тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан әкетілген тауарларға қолданылған, кеден аумағындағы қайта өңдеудің кедендік режимі кеден аумағынан тыс экспорттың немесе қайта өңдеудің кедендік рәсімдеріне сәйкес Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген тауарларға қолданылған, кеден аумағындағы қайта өңдеудің кедендік рәсімдері кеден аумағынан тыс экспорттың немесе қайта өңдеудің кедендік режимдеріне сәйкес Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

12. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында кеден аумағынан тыс қайта

өңдеудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға қатысты, сондай-ақ осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде алынған және Қырғыз Республикасында Шарт күшіне енген күні кедендік режимге орналастырылмаған тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағына әкетілген және Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында болған тауарларға Қырғыз Республикасында қолданылған, кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режимі Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қырғыз Республикасының аумағына әкетілген және Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының аумағында болған тауарларға қолданылған, кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімдері Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

13. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында кедендік бақылаумен кедендік режимге орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға, сондай-ақ осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде алынған және Қырғыз Республикасында Шарт күшіне енген күні кедендік режимге орналастырылмаған тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қолданылады.

Қырғыз Республикасында Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан әкетілген тауарларға қолданылған, кедендік бақылаумен қайта өңдеудің кедендік режимі экспорттың кедендік рәсіміне сәйкес Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде экспорттың кедендік режиміне сәйкес Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген тауарларға қолданылған, ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің кедендік рәсімдері Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

14. Осы қосымшаның 11 – 13-тармақтарында көрсетілген кедендік рәсімдер, егер осы қосымшаның 11 – 13-тармақтарында өзгеше белгіленбесе, Кеден одағының кеден кодексінің 243, 256 және 268-баптарына сәйкес көзделген мерзімдер шегінде тауарларды қайта өңдеудің мерзімдерін ұзарту мүмкіндіктері ескеріле отырып, тиісті кедендік режимдерге тауарларды орналастыру кезінде белгіленген мерзімдер аяқталғанға дейін қолданылады.

15. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап еркін кеден аймағының кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) және Қырғыз Республикасында Шарт күшіне енген күні кедендік режимге орналастырылмаған тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда , Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан экспорттың, уақытша әкетудің немесе кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімдеріне сәйкес әкетілген тауарларға қолданылған еркін кеден аймағының кедендік режимі, егер осындай тауарларға қатысты мәлімделген еркін кеден аймағының кедендік режимінің декларанты Шарт күшіне енген күннен бастап 30 күн ішінде Қырғыз Республикасының кеден органдарына осы тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары ретінде еркін кеден аймағының кедендік рәсіміне сәйкес одан әрі пайдалану ниеті туралы жазбаша нысанда хабарламаса, Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде Қырғыз Республикасының аумағынан экспорттың, уақытша әкетудің немесе кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режимдеріне сәйкес әкетілген тауарларға қолданылған еркін кеден аймағының кедендік рәсімдері, егер осындай тауарларға қатысты мәлімделген еркін кеден аймағының кедендік рәсімінің декларанты Шарт күшіне енген күннен бастап 30 күн ішінде осындай кедендік рәсім қолданылған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органдарына осы тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары ретінде еркін кеден аймағының кедендік рәсіміне сәйкес одан әрі пайдалану ниеті туралы жазбаша нысанда хабарламаса, Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

16. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап бажсыз сауданың кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға қатысты Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық

қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

17. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан әкетілген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осындай мемлекеттің аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болған тауарларға қолданылған кеден қоймасының кедендік режимі Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

Кеден қоймасының кедендік рәсімі Кеден одағының кеден кодексінің 231-бабында айқындалған мерзімдер шегінде оларды ұзарту мүмкіндігін ескере отырып, тауарларды кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырған кезде белгіленген сақтау мерзімдері аяқталғанға дейін қолданылады.

Осы тармақта көрсетілген кеден қоймасында тауарларды сақтау мерзімі осы тауарлар кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырылған күннен бастап есептеледі.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген және Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін отандық тауарлар мәртебесіне ие болған тауарларға қолданылған кеден қоймасының кедендік рәсімдері Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

18. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында уақытша әкетудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап уақытша әкетудің кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағына әкетілген және Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін отандық тауарлар мәртебесіне ие болған тауарларға қолданылған уақытша әкетудің кедендік режимі Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

Уақытша әкету мерзімдері осындай тауарлар уақытша әкетудің кедендік режиміне орналастырылған күннен бастап есептеледі.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Қырғыз Республикасының аумағына әкетілген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осындай мемлекеттің аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болған тауарларға қолданылған уақытша әкетудің кедендік рәсімдері Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

19. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап уақытша әкелудің (рұқсаттың) кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады. Мұндай тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда , осы тармақта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағынан әкетілген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осындай мемлекеттің аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болған тауарларға қолданылған уақытша әкелудің кедендік режимі Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады, бұл ретте кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеуден ішінара шартты түрде босатылған кезде төленген кедендік әкелу баждарының , салықтардың сомалары қайтарылуға (есепке алуға) жатпайды.

Уақытша әкелудің (рұқсаттың) кедендік рәсімі Кеден одағының кеден кодексінің 280-бабында көзделген мерзімдер шегінде оны ұзарту мүмкіндігі ескеріле отырып, тауарлар уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырылған кезде белгіленген уақытша әкелу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген уақытша әкелу мерзімі осы тауарлар уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырылған күннен бастап есептеледі.

Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырылған тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеуден ішінара шартты босатылған кезде төленуге жататын кеден баждарының, салықтардың сомаларын есептеу шетел валютасында жүргізіледі. Шетел валютасын Қырғыз Республикасының валютасына қайта есептеу кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу мақсатында төлеу күні қолданыста болған Қырғыз Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша жүргізіледі.

Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген және Қырғыз Республикасының

аумағынан әкетілген кезде кедендік мақсаттар үшін отандық тауарлар мәртебесіне ие болған тауарларға қолданылған уақытша әкелудің (рұқсаттың) кедендік рәсімі Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады, бұл ретте кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеуден ішінара шартты түрде босатылған кезде төленген кедендік әкелу баждарының, салықтардың сомалары қайтарылуға (есепке алуға) жатпайды.

20. Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында арнайы кедендік режимге орналастырылған және Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап экспорттың кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады.

Қырғыз Республикасының аумағына әкелінген және Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында арнайы кедендік режимге орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады.

21. Осы қосымшаның 20-тармағының ережелері Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында арнайы кедендік режимге орналастырылған:

Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілетін (әкетілген) және Қырғыз Республикасының шетелдегі елшіліктерінің, консулдықтарының, халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің және өзге де ресми өкілдіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған тауарларға қатысты қолданылмайды. Мұндай тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап арнайы кедендік рәсімге орналастырылған болып танылады;

көрсетілген көлік құралдарының қалыпты жұмыс істеуін және техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге, олардың экипажы мен жолаушыларының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге, ал әуе кемелерінде – жолаушыларға да сатуға арналған көліктің әуе және темір жол түрлерінің көлік құралдарында алып өтетін (өткізілген) борттық қорларға қатысты қолданылмайды. Мұндай тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап керек-жарақ қорлары болып танылады және оларға қатысты Кеден одағының кеден кодексінің 50-тарауының, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады;

Қырғыз Республикасының аумағына (аумағынан) алып өтетін (өткізілген) және дүлей зілзалалардың, экологиялық зілзалалардың, гуманитарлық апаттардың және өзге де төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға арналған тауарларға, оның ішінде төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен адамдарға тегін таратуға не осы мақсаттарда коммерциялық емес қайырымдылық ұйымдарға беруге арналған тауарларға, авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу мен авариялық-құтқару құрамаларының тыныс-тіршілігі үшін қажетті тауарларға қатысты қолданылмайды. Мұндай тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап арнайы

кедендік рәсімге орналастырылған болып танылады;

Қырғыз Республикасының аумағына қателесіп жеткізілген және алғашқы экспорттаушыға қайтарылатын тауарларға қатысты қолданылмайды. Мұндай тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап кері экспорттың кедендік рәсіміне орналастырылған болып танылады;

Қырғыз Республикасының аумағынан басқа мемлекеттердің аумағында болған Қырғыз Республикасы объектілерінің қызметін қамтамасыз ету үшін әкетілетін (әкетілген) материалдық-техникалық қамтамасыз ету заттарына және жарақтарға, отынға және азық-түлікке қатысты қолданылмайды. Мұндай тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап арнайы кедендік рәсімге орналастырылған болып танылады.

22. Қырғыз Республикасында осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес осы қосымшаның 9 – 13, 15 – 20-тармақтарында көрсетілген кедендік режимдерге орналастырылған тауарларға Кеден одағының кеден кодексінде көзделген тиісті кедендік рәсімдерге орналастырылған осындай тауарларды тану, кедендік рәсімдердің қолданысын тоқтату және осындай тауарларға олар мәлімделген кедендік режимдерге орналастырылған күннен бастап Кеден одағының кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелерін қолдану бөлігінде осы қосымшаның 9 – 21-тармақтарының ережелері қолданылады.

23. Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және Шарт күшіне енген күннен бастап Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін (ЕАЭО БКТ) қолдануды бастаған күнге дейін оларға қатысты Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерлемелер және ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелермен салыстырғанда анағұрлым төмен мөлшерлемелер бойынша кеден баждары төленген, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар Кеден одағының Кедендік кодексінің 200-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шартты түрде шығарылған деп саналады және аталмыш тауарларға қатысты осы ережемен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Кеден Одағы Кедендік кодексінің ережелері қолданылады.

24. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттамаға № 2 қосымшада (бұдан әрі – Хаттамаға № 2 қосымша) көрсетілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасының (ЕАЭО СЭҚ ТН) 8701, 8702, 8703, 8704, 8705, 8716-тауар позицияларының кіші қосалқы позицияларында,

сондай-ақ Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және осы тармақта көрсетілген тауарларға қатысты кедендік баждар ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелерден ерекшеленетін мөлшерлемелер бойынша төленген, ішкі тұтыну үшін Қырғыз Республикасының ЕАЭО БКТ қолдануды бастаған күннен бастап шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған ЕАЭО СЭҚ ТН 8433 51 000 1, 8433 51 000 9-кіші қосалқы позицияларында жіктелетін комбайндар, тракторлар, жеңіл автомобильдер және басқа да моторлы көлік құралдары, оның ішінде арнайы мақсаттағы көлік құралдары, тіркемелер мен жартылай тіркемелер, басқа да өздігінен жүрмейтін көлік құралдары Еуразиялық экономикалық одақта:

осы тармақта көрсетілген тауарларға қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелер бойынша төлеуге жататын кедендік баждар сомаларының айырмасы мөлшерінде кедендік баждар төленгеннен және төленген кедендік баждар сомалары;

Қырғыз Республикасы кедендік баждардың, осы тармақта көрсетілген тауарларға қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар сомаларының айырмасы мөлшерінде салықтардың төленуіне және төленген кедендік баждар сомаларына қарамастан, осы тармақта көрсетілген тауарларға қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелерді қолдануды бастаған соң 5 жыл өткеннен кейін Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылғанға дейін мұндай тауарлар Кеден одағының Кедендік кодексінің 200-бабы 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес шартты түрде шығарылған деп есептеледі және аталмыш тауарларға қатысты осы қосымшамен белгіленген ерекшеліктердің ескерілуімен, Кеден одағы Кедендік кодексінің ережелері қолданылады.

Осы тармақта көрсетілген тауарларға қатысты олар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына әкелінген кезде ЕАЭО БКТ белгілеген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждардың сомалары және төленген кедендік баждар сомалары арасындағы айырма Қырғыз Республикасында не Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекетте Еуразиялық Экономикалық Комиссия Кеңесімен белгіленген, ал мұндай тәртіп Еуразиялық Экономикалық Комиссия Кеңесімен орнатылғанша дейін – Еуразиялық экономикалық одақтағы сондай мүше – мемлекеттік заңнамасымен белгіленген тәртіпте төленуі мүмкін.

Қырғыз Республикасының кеден органдары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің кеден органдарын осы тармақта көрсетілген тауарлар және осындай тауарларға қатысты төленген кедендік баждар сомаларының мөлшері туралы хабардар етеді.

**Тауарларды халықаралық тасымалдайтын көлік құралдары бөлігінде**

25. Шарт күшіне енген күні халықаралық жолаушылар мен тауарлар тасымалын жүзеге асыру кезінде Қырғыз Республикасының аумағына әкелінген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекетте тіркелген көлік құралдары Шарт күшіне енген күннен бастап халықаралық тасымалдың көлік құралдары болып танылады. Осындай көлік құралдарына қатысты Кеден одағының кеден кодексінің 48-тарауының, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күні халықаралық жолаушылар мен тауарлар тасымалын жүзеге асыру кезінде Қырғыз Республикасының аумағына әкелінген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекетте тіркелген көлік құралдарына қатысты Кеден одағының кеден кодексінің 48-тарауының ережелеріне сәйкес оларды Қырғыз Республикасының аумағынан әкету талап етілмейді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттерге әкетілген көлік құралдарын қоспағанда, Қырғыз Республикасында тіркелген және Шарт күшіне енген күні халықаралық жолаушылар мен тауарлар тасымалын осындай көлік құралдарымен жүзеге асыру кезінде Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген көлік құралдары Шарт күшіне енген күннен бастап халықаралық тасымалдың көлік құралдары болып танылады. Осындай көлік құралдарына қатысты Кеден одағының кеден кодексінің 48-тарауының, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Қырғыз Республикасында тіркелген және Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттерге жолаушылар мен тауарлар халықаралық тасымалын осындай көлік құралдарымен жүзеге асыру кезінде Қырғыз Республикасының аумағынан әкетілген көлік құралдарына қатысты Кеден одағының кеден кодексінің 48-тарауының ережелеріне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осындай мемлекеттің аумағынан оларды әкету талап етілмейді.

## Жеке пайдалануға арналған автомобильдердің мәртебесіне және кеден баждарын, салықтарды салуға қатысты бөлігінде

26. Шарт күшіне енген күннен бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін Қырғыз Республикасында жеке тұлғалар жеке пайдалану үшін әкелетін ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703, 8704 21 және 8704 31 - тауар позицияларында жіктелетін жеңіл автомобильдер мен басқа да моторлы көлік құралдарына (бұдан әрі – автомобильдер) қатысты 2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) 5-

қосымшада белгіленген кедендік баждардың, салықтардың мөлшерлемелері қолданылмайды.

Қырғыз Республикасы Келісімге 5-қосымшада белгіленген кедендік баждардың, салықтардың мөлшерлемелерін автомобильдерге қатысты қолдануды бастағанға дейін автомобильдерге қатысты кедендік баждар, салықтар Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

27. Осы қосымшаның 26-тармағында көрсетілген автомобильдер Еуразиялық экономикалық одақта:

Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар, салықтар сомаларының айырмасы мөлшерінде кедендік баждарды, салықтарды төлегеннен және төленген кедендік баждар, салықтардың сомалары;

Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар, салықтар сомаларының айырмасы кедендік баждардың, салықтардың мөлшерінде және төленген кедендік баждар, салықтар сомалары төленуіне қарамастан, 2025 жылғы 1 қаңтардан кейін Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

28. Осы қосымшаның 26-тармағында көрсетілген автомобильдерге қатысты оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына әкелу кезінде Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар, салықтар сомалары арасындағы айырма және төленген кедендік баждар, салықтар сомалары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына әкелінгенге дейін Қырғыз Республикасының бюджетіне төленуі мүмкін.

29. Осы қосымшаның 26-тармағында көрсетілген автомобильдерді кедендік баждарды, салықтарды төлемей және кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді енгізбей, Қырғыз Республикасында тұрақты тұратын адамдар ғана және егер осындай автомобильдер Қырғыз Республикасының аумағында тіркелген жағдайда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарына уақытша әкелуі мүмкін.

30. 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарына осы қосымшаның 26-тармағында көрсетілген автомобильдерді не Қырғыз Республикасының аумағында тіркелмеген автомобильдерді осы қосымшаның 29-тармағында көрсетілген адамдардан басқа адамдардың әкелуіне және онда пайдалануына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарында осындай автомобильдерді иеліктен айыруына, пайдалануға беруіне, оларға билік етуіне оларды осы басқа мемлекеттерде кедендік декларациялаған және Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар, салықтар сомаларының айырмасы мөлшерінде кедендік баждар, салықтар төленген жағдайда ғана жол беріледі.

Осы қосымшаның 26-тармағында көрсетілген, осы тармақтың бірінші абзацында көзделген автомобильдерді кедендік декларациялау Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар, салықтар сомаларының айырмасы мөлшерінде кедендік баждарды, салықтарды және төленген кедендік баждар, салықтар сомаларын төлеу, егер осындай төлеу осы қосымшаның 28-тармағына сәйкес жүргізілген жағдайда талап етілмейді.

31. Үшінші елдерден әкелінген және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Шарт күшіне енген күнге дейінгі кезеңде Қырғыз Республикасының аумағында еркін айналымға шығарылған автомобильдерді не Қырғыз Республикасының аумағында тіркелмеген көрсетілген автомобильдерді 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарына Қырғыз Республикасында тұрақты тұратын адамдардан басқа адамдардың әкелуіне және онда пайдалануына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарында осындай автомобильдерді иеліктен айыруына, пайдалануға беруіне және оларға билік етуіне оларды осы басқа мемлекеттерде кедендік декларациялаған және төленген кедендік баждар, салықтар сомалары мен Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар, салықтар сомаларының айырмасы мөлшерінде кедендік баждар, салықтар төленген жағдайда ғана жол беріледі.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген автомобильдерді кедендік декларациялау және төленген кедендік баждар, салықтар сомалары мен Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждар, салықтар сомаларының айырмасы мөлшерінде кедендік баждарды, салықтарды төлеу, егер осындай төлем автомобильдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарына әкелгенге дейін Қырғыз Республикасының бюджетіне жүргізілген жағдайда, талап етілмейді.

Осы тармақта көрсетілген автомобильдерді кедендік декларациялау және осы тармаққа сәйкес кедендік баждарды, салықтарды төлеу, осындай автомобильдер шетелдік тауарлар мәртебесіне ие болғандай жүргізіледі.

Қырғыз Республикасының кеден органдары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің кеден органдарын үшінші елдерден әкелінген және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Қырғыз Республикасының аумағында еркін айналымға шығарылған автомобильдер және осындай автомобильдерге қатысты төленген кедендік баждар, салықтар сомаларының мөлшері туралы хабардар етеді.

## Кедендік төлемдер, кедендік құн, шығарылған жері, сыныптау, кедендік бақылау бөлігінде

32. Кеден одағының кеден кодексінің 55-бабы 2-тармағында белгіленген, Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасының кеден органдары қабылдаған ЕАЭО СЭҚ

ТН сәйкес тауарларды сыныптау бойынша алдын ала шешімдердің қолданылу мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап есептеледі.

33. Кеден органдары Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында кедендік бақылаудағы мәртебесін жойған, бірақ оларға қатысты Қырғыз Республикасының заңнамасында көзделген аудит әдістерін пайдалана отырып, кедендік бақылау мерзімі өтпеген тауарларға қатысты тауарлар осындай мәртебені жойған күннен бастап 3 жыл бойы кедендік бақылау жүргізеді.

Кеден органдары Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында кедендік бақылаудағы мәртебесін жойған және соларға қатысты Қырғыз Республикасының заңнамасында көзделген аудит әдістерін пайдалана отырып, кедендік бақылау мерзімі өткен тауарларға қатысты кедендік бақылауды жүргізбейді.

34. Егер шығарылуы кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету үшін Шарт күшіне енген күні Қырғыз Республикасында уақытша (шартты) бағалау негізінде жүзеге асырылған тауарлардың кедендік құнын бақылау нәтижелері бойынша кедендік баждарды, салықтарды қосымша төлеуді жүргізу талап етілген жағдайда, осындай қосымша төлем Шарт күшіне енген күнге дейін қолданыста болған, Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

## Кеден органдарының кедендік ақпараттық технологияларды және ақпараттық-бағдарламалық құралдарды қолдануы бөлігінде

35. Қырғыз Республикасы Кеден одағының кеден кодексіне, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттарға және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес Қырғыз Республикасының кеден органдарында пайдаланылатын кедендік ақпараттық технологияларды және ақпараттық-бағдарламалық құралдарды жаңғыртады және оларды:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Кеден одағының кеден кодексіне сәйкес кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеуді және оларды есепке алуды;

кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес Қырғыз Республикасының аумағы арқылы тауарлардың тасымалдарын бақылауды;

кедендік бақылаудағы тауарларды есепке алуды қамтамасыз ететін Шарт күшіне енген күні кедендік ақпараттық технологиялар және ақпараттық-бағдарламалық құралдар бөлігінде;

Одақтың кеден аумағына автомобиль көлігімен әкелінетін тауарлар туралы міндетті алдын ала ақпараттандыруды қамтамасыз ететін кедендік ақпараттық технологиялар және ақпараттық-бағдарламалық құралдар бөлігінде Шарт күшіне енген күннен бастап 6 айдан кешіктірмей;

толық көлемде Шарт күшіне енген күннен бастап 24 айдан кешіктірмей

пайдалануға енгізуді қамтамасыз етеді.

36. Шарт күшіне енген күнге дейін қабылданған кедендік декларацияларға қатысты Қырғыз Республикасының кеден органдарының ақпараттық-бағдарламалық құралдарында кедендік құжаттардың құрылымдары мен форматтары, сондай-ақ оларды толтыру кезінде пайдаланылатын, осы кедендік декларацияларды қабылдау (ресімдеу) күні Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылатын сыныптауыштар қолданылуы мүмкін.

Шарт күшіне енген күннен бастап қабылданған кедендік декларацияларға қатысты Қырғыз Республикасының кеден органдарының ақпараттық-бағдарламалық құралдарында кедендік құжаттардың құрылымдары мен форматтары, сондай-ақ Кеден одағының кеден кодексіне, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттарға және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес бекітілген сыныптауыштар қолданылады.

## Өткізу пункттерін (кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарын алып өту жерлері) жайластыру және материалдық-техникалық жарақтандыру бөлігінде

37. Қырғыз Республикасы Қырғыз Республикасының мемлекеттік шекарасында өткізу пункттерін (тауарлар мен көлік құралдарын алып өту жерлерін) жайластыру және материалдық-техникалық жарақтандыруды:

Еуразиялық экономикалық одақтың «Достук», «Қызыл-Кия», «Қайрагач», « Қызыл-Бель» кедендік шекараларында Қырғыз Республикасының автомобильдік өткізу пункттерін және Еуразиялық экономикалық одақтың «Қара-Суу», «Шамалды-Сай», « Қызыл-Кия» кедендік шекарасында Қырғыз Республикасының теміржол өткізу пункттерін таразы жабдығымен, тексеріп қарайтын рентгендік қондырғылармен, алып өтетін тауарлар мен көлік құралдарын бейне тіркеу жүйесімен, радиациялық бақылаудың, есірткі және жарылғыш заттарды табудың стационарлық және (немесе) жылжымалы аппаратурасымен, ақпараттық жүйелердің жұмысын жедел режимде қамтамасыз ететін техникалық құралдармен және байланыс арналарымен, сондай-ақ өткізу пункттерінің үздіксіз жұмысы үшін қажетті инженерлік жабдықпен, - мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесі арқылы алып өтетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудың күші жойылған күннен бастап 6 ай өткен соң кешіктірмей;

кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілердің талаптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында Қырғыз Республикасының барлық өткізу пункттерін Шарт күшіне енген күннен бастап 24 ай өткен соң кешіктірмей қамтамасыз етеді.

**Қырғыз Республикасының кеден органдары және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында өзара іс-қимылды іске асыру бөлігінде**

38. Қырғыз Республикасы Шарт күшіне енген күні:

Қырғыз Республикасының техникалық құралдарында Еуразиялық экономикалық одақтың ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне қосылу үшін және ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді өрістетуді;

Федералдық кеден қызметі, Беларусь Республикасының Мемлекеттік кедендік комитеті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті арасында Ақпараттық өзара іс-қимыл жасаудың техникалық шарттарына сәйкес жалпы кедендік процестерді бақылау аясында электрондық түрде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ететін Қырғыз Республикасының кеден органдарының ақпараттық-бағдарламалық құралдарын жаңғыртуды;

Еуразиялық экономикалық одақтың мүше мемлекеттерінің кеден органдарымен нормативтік-анықтамалық ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

39. Осы қосымшаның ережелерін іске асыруды мониторингілеу мақсатында Шарт күшіне енген күннен бастап Қырғыз Республикасы осы қосымшаның 37-тармағының үшінші абзацымен көзделген өткізу пункттерін аббаттандыру және материалдық-техникалық жабдықтау бойынша іс-шаралды іске асыру мерзіміне Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының қырғыз учаскесінде өткізу пункттерінде және Қырғыз Республикасының кеден органдарының өзге де орналасқан жерлерінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары лауазымды тұлғаларының болу мүмкіндігін, сондай-ақ 2011 жылғы 22 маусымдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтері өкілдіктерінің қызметі мәселелері бойынша кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің өкілдіктерін құрмай жүзеге асырылатын, Қырғыз Республикасының кеден органдары мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің кеден органдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

**III. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде көлік құралдарының жеке санаттарының айналымына байланысты мәселелер**

40. Қазақстан Республикасын қоспағанда, Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Шарт күшіне енген күнге дейінгі кезеңде еркін айналым үшін шығарудың кедендік режиміне

орналастырылған, ЕАЭО СЭҚ ТН 87 тобының моторлы көлік құралдарын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркеуге, иеліктен шығаруға, пайдалануға беруге мөлшері ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелген кедендік әкелу баждары сомаларының және Қырғыз Республикасының аумағына осындай тауарларды әкелген кезде төленген кедендік әкелу баждары сомаларының айырмашылы мөлшерінде айқындалатын төлем төленген жағдайда рұқсат етіледі.

Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Шарт күшіне енген күнге дейінгі кезеңде еркін айналым үшін шығарудың кедендік режиміне орналастырылған ЕАЭО СЭҚ ТН 87 тобының моторлы көлік құралдарын Қазақстан Республикасында тіркеуге, иеліктен шығаруға, пайдалануға беруге мөлшері халықаралық шарттарға және Одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері бойынша есептелген кедендік әкелу баждары сомаларының және осындай тауарларды Қырғыз Республикасының аумағына әкелген кезде төленген кедендік әкелу баждары сомаларының айырмашылы мөлшерінде айқындалатын төлем төленген жағдайда, рұқсат етіледі.

Осы тармақта көзделген әкелінетін кедендік баждар сомасының айырмашылығы мөлшерінде төлемді төлеу Қырғыз Республикасында не көлік құралы тіркелетін, иеліктен шығарылатын, пайдалануға берілетін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекетте, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесімен белгіленген тәртіпте , ал Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесімен мұндай тәртіп орнатылғанша дейін – Еуразиялық экономикалық одақтың мұндай мүше – мемлекетінің заңнамасымен белгіленген тәртіпте төленуі мүмкін.

Осы тармақтың ережелері моторлы көлік құралдарының көрсетілген санаттарына қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелерді Қырғыз Республикасы қолдануды бастағаннан кейін 5 жыл өткен соң қолданылады.

Қырғыз Республикасының Кеден органдары Еуропалық экономикалық одақтың басқа мүше – мемлекеттерінің кеден органдарын Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап еркін айналым үшін шығарылымның кедендік режиміне жайғастырылған ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 87 тобындағы моторлы көлік құралдары туралы Шарт күшіне енген күнге дейін және мұндай моторлы көлік құралдарына қатысты төленген кедендік баждар, салықтар сомасы мөлшерінде хабардар етеді.

## IV. Қырғыз Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымындағы мүшелігіне байланысты мәселелер

41. Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуына байланысты Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидаларына, сондай-ақ 2011 жылғы 19

мамырдағы Кеден одағының көп тарапты сауда жүйесі шеңберінде қызмет етуі туралы шарттың 1-бабы 4-тармағына сәйкес Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелерімен Қырғыз Республикасының тиісті тарифтік міндеттемелерін өзгерту жөнінде келіссөздер жүргізіледі.

Аталған келіссөздерді директивалар негізінде осыған уәкілетті делегация жүргізеді. Директивалар мен делегация құрамын Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі бекітеді және қажет болған кезде түзетеді.

Келіссөздер нәтижесінде қол жеткізілген уағдаластықтарды Дүниежүзілік сауда ұйымында түпкілікті қабылдау алдында Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі мақұлдайды.

Көрсетілген уағдаластықтарға сәйкес ЕАЭО БКТ-ге тиісті өзгерістер енгізіледі.

42. 1998 жылғы 14 қазандағы Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуы туралы Марракеш келісіміне Қырғыз Республикасының қосылуы туралы хаттамада қамтылған Қырғыз Республикасының міндеттемелері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің немесе тұтас Еуразиялық экономикалық одақтың міндеттемелеріне жатпайды.Қырғыз Республикасы

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттермен саудада Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелерімен саудада қолданатын режимге қарағанда, қолайлылығы кем емес режимді қолданады.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қосымшаның I бөлімінің 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше өзге мемлекеттердің адамдарына, сондай-ақ олардың көрсететін қызметтеріне, құрылуы, қызметіне және инвестицияларға қатысты Қырғыз Республикасы 1998 жылғы 14 қазандағы Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қырғыз Республикасының қосылуы туралы хаттамада көзделген шарттарға қарағанда, қолайлылығы кем емес көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және оларды жүзеге асыру шарттарын қамтамасыз етеді.

## V. Кедендік-тарифтік реттеу мәселелері

43. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесі арқылы алып өтетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудың күшін жою туралы шешімді қабылдаған күннен бастап, Қырғыз Республикасы кедендік-тарифтік реттеу мақсаттары үшін өтпелі кезең ішінде Хаттамаға № 2 қосымшада көзделген тізбе бойынша тауарларға қатысты ЕАЭО БКТ

баж мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері қолданылады.

Көрсетілген тізбеде қандай да бір тауарлардың болуы Қырғыз Республикасының осындай тауарларға қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қоса алғанда, үшінші тараппен Еуразиялық экономикалық одақта белгіленген тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің өзге шараларын қолданбауға еш негіз болып табылмайды.

Қырғыз Республикасы өз аумағы шегінде ғана ЕАЭО БКТ баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда, анағұрлым төмен кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері қолданылатын тауарларды пайдалануды қамтамасыз етеді және осы қосымшаның 24 және 25-тармақтарын ескере отырып, ЕАЭО БКТ мөлшерлемелері бойынша есептелген кедендік әкелу баждары сомаларының және Қырғыз Республикасының аумағына осындай тауарларды әкелген кезде төленген кедендік әкелу баждары сомаларының айырмашылығын қосымша төлемей, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына осындай тауарларды шығаруға жол бермеу бойынша шаралар қабылдайды.

Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және Қырғыз Республикасы ЕАЭО БКТ қолдануды бастаған күннен бастап ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған, ЕАЭО СЭҚ ТН 87 тобының моторлы көлік құралдарын Қырғыз Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына, сондай-ақ Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және Шарт күшіне енген күннен бастап Қырғыз Республикасы ЕАЭО БКТ қолдануды бастаған күнге дейін ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған ЕАЭО СЭҚ ТН 87 тобының моторлы көлік құралдарын, олардың Хаттамаға № 2 қосымшаға қосылуына немесе қосылмауына қарамастан, шығаруға халықаралық шарттарға және Одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері бойынша есептелген кедендік әкелу баждары сомаларының және Қырғыз Республикасының аумағына осындай тауарларды әкелген кезде төленген кедендік әкелу баждары сомаларының айырмашылығын қосымша төлеген жағдайда, жол беріледі.

Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және Шарт күшіне енген күннен бастап Қырғыз Республикасы ЕАЭО БКТ қолдануды бастаған күнге дейін ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған ЕАЭО СЭҚ ТН 87 тобының моторлы көлік құралдары, Қырғыз Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және Қырғыз Республикасы ЕАЭО БКТ қолдануды бастаған күннен бастап ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған, Хаттамаға № 2 қосымшада ЕАЭО СЭҚ ТН 8701, 8702, 8703, 8704, 8705, 8716 - тауарлы позицияларының кіші қосалқы позицияларында көрсетілген кедендік баждары ЕАЭО

БКТ белгіленген мөлшерлемелерден ерекшеленетін мөлшерлемелер бойынша төленген, сыныпталатын тракторлар, жеңіл автомобильдер және өзге моторлы көлік құралдары, соның ішінде арнайы мақсаттағы көлік құралдары, тіркемелер мен жартылай тіркемелер, өздігінен жүрмейтін өзге де көлік құралдары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына әкелінуі мүмкін және кедендік баждарды, салықтарды төлемей және Қырғыз Республикасында кедендік баждарды, салықтарды төлеуін қамтамасыз етуді енгізбей және Қырғыз Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше – мемлекеті арасында тасымалды жүзге асыру кезінде немесе Қырғыз Республикасы аумағынан (аумағында) Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше – мемлекеттердің аумақтары арқылы транзиттік тасымалдарды жүзеге асыра алады.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер осы тармақта көрсетілген тауарлардың Қырғыз Республикасының аумағынан өз аумағына келу тәртібін айқындауға құқылы.

Қырғыз Республикасы өтпелі кезең ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленген баж мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін қолданатын тауарлар мен мөлшерлемелер тізбесін жүргізуді, оған өзекті сипат беруді қоса алғанда, 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық комиссия жүзеге асырады.

44. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесі арқылы алып өтетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудың күшін жою туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 5 жыл ішінде жылына 100 000 тоннадан аспайтын көлемде кедендік әкелу баждарын өндіріп алудан босатыла отырып, Қырғыз Республикасының аумағында өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін ЕАЭО СЭҚ ТН 1701 13 және 1701 14 қосалқы позицияларының тазартылмаған құрақ қантын (бұдан әрі осы тармақта – тазартылмаған қант) әкелуге рұқсат беріледі.

Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес берілген, Қырғыз Республикасының аумағындағы қант өңдеуші кәсіпорындарды қамтамасыз ету үшін әкелінетін тазартылмаған қанттың нысаналы мақсаты туралы Қырғыз Республикасының уәкілетті органы растауының болуы Қырғыз Республикасының аумағына тазартылмаған қантты өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін әкелудің шарты болып табылады.

Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық комиссияны Қырғыз Республикасында алдағы кезеңге қантты өндірудің және тұтынудың қалыптасатын теңгеріміне сәйкес өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін тазартылмаған қантты әкелудің жыл сайынғы көлемі туралы хабардар етеді.

Қырғыз Республикасы өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін әкелінетін тазартылмаған қант

, сондай-ақ осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тарифтік жеңілдікті қолдана отырып, әкелінген тазартылмаған қанттан өндірілген ақ қант Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына қайта жіберілмейтіндігіне кепілдік береді.

Осы тармақтың ережелері Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағынан қантты әкелуіне шектеу шараларын қолдануға негіз болып табылмайды.

45. Қырғыз Республикасы ұсынатын кедендік әкелу баждарын төлеу бойынша жеңілдіктер:

1) 2015 жылғы 1 сәуірге дейін қол қойылған Қырғыз Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде – осы халықаралық шарттардың қолданылуы тоқтатылғанға дейін көрсетілген халықаралық шарттарға сәйкес;

2) «Бішкек қаласының жылу электр орталығын жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде – Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Экспорттық-импорттық банкі арасындағы 2013 жылғы 11 қыркүйектегі жеңілдікті сатып алу кредитінің кредит келісіміне сәйкес – 2017 жылғы 30 қарашаға дейін;

3) 500 кВ-тық «Датқа-Кемин» электр беру желісін және 500 кВ-тық «Кемин» кіші станциясын салу» жобасын іске асыру шеңберінде – Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Экспорттық-импорттық банкі арасындағы 2012 жылғы 5 маусымдағы жеңілдікті кредит келісіміне сәйкес – 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

4) Қырғыз Республикасында жолдардың екі учаскесін жөнге келтіру бойынша жобаны іске асыру шеңберінде (PBC № (2012) 54 нөмірі (242)) – Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Экспорттық-импорттық банкі арасындағы 2012 жылғы 4 желтоқсандағы жеңілдікті кредит келісіміне сәйкес – 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

5) Казарман – Джалал-Абад (291-433 км) және Балықшы – Арал (183+500-195+486 км) учаскелерінде Солтүстік-Оңтүстік балама автожолының жобасын іске асыру шеңберінде – Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Экспорттық-импорттық банкі арасындағы 2013 жылғы 11 қыркүйектегі жеңілдікті кредит келісіміне сәйкес – 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

6) Бішкек – Нарын – Торугарт автожолын реконструкциялау жобасын іске асыру шеңберінде – Қырғыз Республикасы мен Сауд даму қоры арасындағы 2011 жылғы 13 қыркүйектегі, Қырғыз Республикасы мен Араб экономикалық дамуының Кувейт қоры арасындағы 2011 жылғы 7 қыркүйектегі және Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Абу-Даби Даму қоры арасындағы 2012 жылғы 8 ақпандағы кредиттік келісімдерге сәйкес – 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

7) Тараз – Талас – Суусамыр автожолын реконструкциялау жобасын іске асыру шеңберінде – Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Сауд даму қоры арасындағы 2013

жылғы 13 тамыздағы кредит келісіміне сәйкес – 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Өзге жағдайларда үшінші елдерден Қырғыз Республикасының аумағына әкелінетін (әкелінген) тауарларға қатысты тарифтік жеңілдіктер 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес ұсынылады.

46. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мемлекеттік шекараның қырғыз-қазақстандық учаскесі арқылы алып өтетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудың күшін жою туралы шешімді қабылдаған күннен бастап, мыналар:

1) Қырғыз Республикасының Қарулы күштерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Қырғыз Республикасына 2015-2022 жылдар кезеңінде әкелінуі жүзеге асырылатын және аналогтары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарында өндірілмейтін, әскери мақсаттарда пайдалану үшін арнайы әзірленген тауарлар.

Кедендік әкелу бажынан босату шарты әкелінетін тауарлардың номенклатурасы мен санын көрсете отырып, және бұл тауарлар Қырғыз Республикасының Қарулы күштерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін әкелінетінің растай отырып, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі берген қорытынды болып табылады.

2) Қырғыз Республикасының аумағы бойынша халықаралық тасымалдау және ( немесе) ішкі тасымалдау үшін және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында пайдалану мақсатында Қырғыз Республикасына 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін әкелінетін: ең жоғары ұшу массасы 750 кг-нан астам, бірақ 3 175 кг-нан аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 11 000 1 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық тікұшақтар; бос жарақталған аппаратының массасы 2 000 кг-нан астам, бірақ 5 000 кг-нан аспайтын және ең жоғарғы ұшу массасы 4 000 кг-нан астам, бірақ 10 500 кг-нан аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 12 000 1 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық тікұшақтар; бос жарақталған аппаратының массасы 2 000 кг-нан аспайтын және ең жоғары ұшу массасы 750 кг-нан астам, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 20 000 1 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық жолаушылар ұшақтары; бос жарақталған аппаратының массасы 60 000 кг-нан астам, бірақ 90 000 кг аспайтын, ең жоғары ұшу массасы 120 000 кг-нан астам, бірақ 180 000 кг-нан аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 003 9 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық жүк таситын орташа магистральдық ұшақтар; бос жарақталған аппаратының массасы 160 000 кг-нан астам, ең жоғары ұшу массасы 370 000 кг-нан аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 009 7 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық жүк таситын кең фюзеляжды алыс магистральдық ұшақтар;

Қырғыз Республикасына 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін әкелінетін, өндіруші елдің уәкілетті органы берген үлгі сертификатқа сәйкес айқындалатын, жолаушылар

орны 110 адамнан кем емес, бірақ 300 адамнан аспайтын, әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын күтіп ұстауға жауапты уәкілетті орган мақұлдаған, жолаушыларды орналастыру сызбасына (LOPA) сәйкес айқындалатын, жолаушылар орны 110 адамнан кем емес, бірақ 300 адамнан аспайтын, оларды халықаралық тасымалдау және (немесе) Қырғыз Республикасының аумағы бойынша және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағы арасында ішкі тасымал үшін пайдалану мақсатында Қырғыз Республикасына 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 маусым аралығында әкелінетін ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 003 5 және 8802 40 003 6 кіші қосалқы позицияларының азаматтық жолаушылар ұшақтары;

осы тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген жеңілдікті қолдану арқылы Қырғыз Республикасына әкелінген және оларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының шегінен тысқары жөндеуден немесе оларға техникалық қызмет көрсетуден кейін оларды пайдалану мерзімі ішінде Қырғыз Республикасына әкелетін ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 003 5 және 8802 40 003 6 кіші қосалқы позицияларының азаматтық жолаушылар ұшақтары;

3) Қырғыз Республикасына 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде әкелінетін, жылына 820 тоннадан аспайтын көлемде, ЕАЭО СЭҚ ТН 3920 10 250 0 кіші қосалқы позиция тауарлары, жылына 75 тоннадан аспайтын көлемде ЕАЭО СЭҚ ТН 3920 20 210 0 кіші қосалқы позиция тауарлары, жылына 200 тоннадан аспайтын көлемде ЕАЭО СЭҚ ТН 3923 30 101 0 кіші қосалқы позиция тауарлары кедендік әкелу бажынан босатылады.

Кедендік әкелу бажынан босату шарты Қырғыз Республикасының уәкілетті органы беретін импортқа лицензия болып табылады.

47. Қырғыз Республикасы осы қосымшаның 44, 45-тармақтарында және 46-тармақтың 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген тарифтік жеңілдіктерді қолдана отырып әкелінетін тауарларды өз аумағы шегінде ғана пайдалануды қамтамасыз етеді және ЕАЭО БКТ мөлшерлемелері бойынша есептелген кедендік әкелу баждары сомаларының және Қырғыз Республикасының аумағына тауарларды әкелген кезде төленген кедендік әкелу баждары сомаларының айырмашылығына қосымша төлеместен, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына осындай тауарларды әкетуге жол бермеу жөнінде шаралар қолданады.

Осы қосымшаның 46-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген және Қырғыз Республикасына тарифтік жеңілдікті пайдалана отырып әкелінген тауарлар кеден баждарын төлеместен және тарифтік жеңілдікті беру мақсаттарын сақтаған жағдайда кеден баждарын төлеуді қамтамасыз етуді енгізбестен, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына уақытша әкелінуі мүмкін.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағында осы қосымшаның 46-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген және тарифтік жеңілдікті беру мақсатынан өзгеше мақсатта тарифтік жеңілдікті пайдалана отырып, Қырғыз

Республикасына әкелінген тауарларды әкелуге және пайдалануға, сондай-ақ осы тауарларды иеліктен шығаруға, пайдалануға беруге, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағында оларды басқаруға ЕАЭО БКТ мөлшерлемелері бойынша есептелген кеден баждары сомаларының және кеден баждарының төленген сомаларының айырмашылығы мөлшерінде кеден баждарын төлеген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

48. Осы қосымшада көрсетілген ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын ЕАЭО СЭҚ ТН өзгерген жағдайда, Еуразиялық экономикалық комиссия нақтылай алады.

## VI. Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері

49. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын енгізу алдындағы тергеп-тексеру жүргізуге жауапты орган өз бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғаның өтініші бойынша үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттамаға (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымшаға) сәйкес Шарт күшіне енген күніне Еуразиялық экономикалық одақта қолданылатын арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларына қатысты қайта тергеп-тексеру жүргізуі мүмкін.

Мұндай қайта тергеп-тексеруді бастау туралы шешім оның нәтижелері бойынша қолданыстағы арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын қолдану туралы шешім қабылданған тергеп-тексеру жүргізу кезінде Қырғыз Республикасының нарығы бойынша деректерді есепке алу тиісті шаралар енгізу үшін негіздердің айтарлықтай өзгеруіне әкелуі мүмкін екендігіне дәлелдер жеткілікті болған жағдайда ғана қабылдануы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген қайта тергеп-тексеруге қатысты аяқталуы бойынша қайтадан арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру басталуы мүмкін ең аз мерзімді айқындайтын Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымшаға) 35, 110 және 175-тармақтарының ережелері қолданылмайды.

